

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)  
дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған  
мектеп – интернаты

Бұйрық № 125

30.05.2026ж.

Көкшетау қаласы

**Мектеп формасын сақтау туралы**

2026-2027 оқу жылында 7-11-сынып оқушыларының мектеп формасы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №534 бұйрығының негізінде мектеп оқытудың зайырлы сипатына сәйкес және 26.05.26ж. ата-аналар жиналысының шешімі бойынша

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49 баптың 2-тармағының 3, 6 және 7-тармақшаларына сәйкес, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер білім беру ұйымының жарғысымен айқындалған қағидаларды орындауға, білім беру ұйымы белгілеген киім формасын сақтауға міндетті.
2. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 39 тармақшасына сәйкес, орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген келесі шарттар ескерілсін:
  - а) Мектеп формасының түсі – қою көк (темно-синий). Форманың үлгісі классикалық стильде сақталуы тиіс.
3. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Бұл талап — мектептегі бірыңғай тәртіп пен білім беру жүйесінің зайырлы сипатта болуын қамтамасыз етеді.
4. 2026-2027 оқу жылына бірыңғай үлгідегі мектеп формасы енгізілсін:
  - **Қыздардың мектеп формасы: қою көк түсті** (темно-синий) жилет, тізеден төмен юбка, классикалық шалбар (ұзындығы тобықты жауып тұруы тиіс), ақ жейде, мектептің арнайы галстугі, мектеп логотипі бар брендтік бомбер, ақ түсті поло

(тенниска), қара түсті классикалық туфли (өкшесі 2–3 см-ден аспайтын).

- **Ұлдардың мектеп формасы: қою көк түсті** (темно-синий) жилет, классикалық шалбар (ұзындығы тобықты жауып тұруы тиіс), ақ жейде, мектептің арнайы галстугі, мектеп логотипі бар брендтік бомбер, ақ түсті поло (тенниска), классикалық аяқ киім.
- **Спорттық форма:** сұр түсті спорттық шалбар, ақ футболка, спорттық аяқ киім (кроссовки немесе кеды).

5. Осы бұйрықтың орындалуы сынып жетекшілерге, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кайржанова Майра Негметовнаға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Курмашева

*Бұйрықпен таныстым:*

Кайржанова М.Н. 